

«Нәрестенің ультрадыбыстық бейнесі»

Автор - Билл Смит

Ультрадыбыстық маман

Осы суреттің орта тұсынан нәрестенің бет-әлпетінің айқын кескінін көруге болады. Сәл сол жаққа қарай еңкейген эмбрионның түксіз басы бейне бір қараңғы кеңістікте ілулі тұрғандай көрінеді. Көзі, аузы жұмулы. Сүп-сүйкімді дөңгелек иегін айқастырған қолдарына қойып алған. Екі жағында – баланың жолдасының ернеуі.

Суреттің түсі жалпы қаралау болғанына қарамастан, ортасында қалқып жүрген құм түстес пішіндер ерекше назар аударады. Түймедей ғана мұрны, алаңсыз жүзі, айқасқан қолдары сәби жайбарақат тынығып, тіпті ұйықтап жатқандай әсер қалдырады. Нәрестенің кескіні кеңістікте жылжып бара жатқандай. Сәбидің басының бір шеті аздап бұлыңғыр екені, анық емес екені жақсы аңғарылады; қызғылт, сары жолақтар біртіндеп қара түске ауысады. Балақай тәтті ұйқыда жатқан сыңайлы.

Түсірілген осы бейненің басқа фотосуреттерге немесе 3D кескіндеріне ұқсамауының себебі – 2023 жылдың 13 желтоқсанында трансабдоминалды сканерлеу кезінде алынған баланың үш өлшемді ультрадыбыстық мүсіні.

Мен сол сканерлеуді жасаған ультрадыбыстық диагностика дәрігері Билл Смитпін. Суреттер Canon Medical Aplio i700 жүйесінің көмегімен түсірілген. Сканер Кареннің құрсағындағы нәрестесін жүктіліктің 29 апта, үш күнінде көруге мүмкіндік берді, ал сурет өте анық шықты.

Әлгі сәби – Кареннің екінші қызы.

Карен зағип, оның сәбиінің бедерлі үш өлшемді бейнесінің ол үшін де, мен үшін де маңызы ерекше. Кескінді ұстай алатын және сезе алатын пішінге айналдыру оған бұрын-сонды сезіне алмаған әсер сыйлады. Карен бұған дейін диагностика суреттерін көре алмай қиналғанын айтты. Басқа пациенттерімен салыстырғанда, көру қабілеті нашар Карен сәбиінің бет-әлпетін, сондай-ақ оның қалай жатқанын немесе кескінін көре алмайды. Бедерлі сурет оған қызының бейнесін ойша елестету үшін саусақтарымен «көруге» мүмкіндік береді.

Жүктіліктің осы кезеңінде мен Кареннің нәрестесінің жағдайын, бойын, болжамды салмағын, жатысын, айналасындағы сұйықтық көлемін, плацентаның орналасуын және плацентарлы қан ағымын тексеремін. Бұл жүктіліктің барысын тиімді бақылауға көмектеседі. Өкінішке орай, көптеген ауруханаларда мұндай тексеру жүргізіле бермейді, алайда Карен сияқты ата-аналар өздерін жайлы сезінуі керек.

Баланың өлшемін, жатысын және өсіп-жетілуін тексеру үшін қолданылатын екі өлшемді ультрадыбыстық сканерлеуден айырмашылығы, үш өлшемді диагностика бет ақаулары сияқты әртүрлі ауытқуларды анықтауға мүмкіндік береді. Ауытқуларды ерте анықтау арқылы дәрігерлер мен ата-аналар алынған мәліметтерге сүйене отырып, балаға тиісінше күтім көрсетуге дайындала алады. Сонымен қатар ата-аналарға баласының қандай екенін көруге мүмкіндік береді.

Кареннің жағдайында сканерлеу жүктіліктің қалыпты жүріп жатқанын көрсетті. Әдетте анасының құрсағында жатқанда нәресте көзін көбінесе жүктіліктің кейінгі кезеңдерінде ашады, ал бұл қыз бала ультрадыбыстық диагностика кезінде көзін ашып жатты. Карен сонда да қатты қуанып, баласының жүрек соғысын естігенде барып тынышталды.

Бұл – нәресте туылғанға дейін түсірілген алғашқы айқын суреттер.

Clinical Diagnostics Services (CDS) компаниясының негізін қалаушы және ультрадыбыстық диагностика бөлімінің басшысы ретінде мен халықаралық деңгейде гинекология, репродуктивтік медицина және жүктілік саласындағы арнайы дағдылары бар ультрадыбыстық диагностика маманы ретінде танылдым.

Ультрадыбыстық технологияның жетістіктері жүктілік кезінде клиникалық көмек көрсету сапасын жақсартқаны даусыз. Олар бедеулікті зерттеуге және емдеуге, сондай-ақ қайта түсік тастауды емдеуге айтарлықтай әсер етті.

CDS пациенттері осы тамаша заманауи технологияға қол жеткізу арқылы клиникалық және эмоциялық тұрғыдан көп пайдасын көреді.

Карен, оның 10 жасар қызы және жұбайы Марк үшін ұл деп ойлаған сәбидің қыз болып шығуы күтпеген жағдай болуы мүмкін, бірақ тексеру жүріп жатқан кезде олар отбасының жаңа мүшесінің дүниеге келуін тағатсыздана күтетіні байқалды.